

**«ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ЗАМАНАУИ
МЕКТЕПТІ БАСҚАРУ» МЕКТЕП БАСШЫЛАРЫНЫҢ
БІЛКІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

© «Digital Learning» ЖШС, 2026 жыл

Барлық құқықтар қорғалған. Осы басылымды кез келген түрде және кез келген құралдармен, фотокөшірмені және кез келген электронды нұсқаны қоса алғанда, авторлық құқық иесінің жазбаша рұқсатынсыз толық немесе ішінара басып шығаруға немесе таратуға тыйым салынады.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	4
2. Глоссарий	5
3. Бағдарламаның тақырыбы.....	7
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері.....	9
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	10
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....	13
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	13
8. Оқу нәтижелерін бағалау.....	14
9. Курстан кейінгі қолдау	14
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....	17

1. Жалпы ережелер

«Цифрлық трансформация жағдайында заманауи мектепті басқару» мектеп басшыларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) жалпы білім беретін мектептердің директорлары мен орынбасарларының (бұдан әрі – Тыңдаушылар) басқарушылық құзыреттілігін арттыруға бағытталған және біліктілікті арттыру жүйесіндегі білім беру процесін ұйымдастыруды, мазмұнын, күтілетін нәтижелерін айқындайды.

Басқарушылық құзыреттілік – жоспарлау, ұйымдастыру, шешім қабылдау, бақылау, мұғалімдер мен оқу-көмекші қызметкерлерді ынталандыру секілді басқару әрекеттерін тиімді орындауға мүмкіндік беретін білімдердің, дағдылардың, және жеке қасиеттердің жиынтығы.

Бағдарламаны әзірлеудің өзектілігі орта білім беру саласындағы цифрлық трансформацияның қарқынды дамуымен, инновациялық технологиялардың оқу үдерісіне кеңінен енгізілуімен және мектеп директоры мен орынбасарларының басқарушылық құзыреттіліктеріне қойылатын талаптардың артуымен сипатталады.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген, 2024 жылғы 13 маусымдағы №465 қаулысымен толықтырулар енгізілген «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» 2-ші бағыты, 1-ші параграфында мектепті басқарудың тиімділігін арттыруға баса назар аударылған.

Цифрлық трансформация жағдайында мектеп директоры мен орынбасарларының басқарушылық құзыреттілігі айрықша маңызға ие.

Басқарушылық құзыреттілік мынадай компоненттерден тұрады:

1. Стратегиялық құзыреттілік – мақсаттарды тұжырымдау және ұйымның даму стратегиясын әзірлеу қабілеті.

2. Ұйымдастырушылық құзыреттілік – ұжымдық жұмысты ұйымдастыру және ресурстарды бөлу қабілеті.

3. Коммуникативтік құзыреттілік – мұғалімдермен, оқу-көмекші қызметкерлермен, серіктестермен, ата-аналармен және қоғаммен тиімді өзара әрекеттесу.

4. Аналитикалық құзыреттілік – деректерді талдау, басқару шешімдерін қабылдау.

5. Көшбасшылық құзыреттілік – мұғалімдерді, оқу-көмекші қызметкерлер ынталандыру, өзгерістерді басқару.

6. Сандық басқару құзыреті – басқаруда сандық технологиялар мен аналитиканы қолдану.

Бағдарламаның мазмұны мектеп директорлары мен орынбасарларына қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгерте отырып, жоғарыда аталған

құзыреттіліктер негізінде басқарушылық қызметін қалыптастыруға бағытталған.

Курсты меңгеру барысында Тыңдаушылар мектептің даму стратегиясын әзірлеу, басқаруда сандық технологиялар мен жасанды интеллектті пайдалану, білім беру деректерін талдау, педагогикалық ұжымды тиімді басқару, білім беру қызметіне инновацияларды енгізу тәсілдерін меңгереді.

Бағдарлама мектеп директорлары мен орынбасарларының кәсіби басқарушылық қызметіне қойылатын талаптарды ескере отырып әзірленген және практикалық бағыттылығымен ерекшеленеді.

Бағдарлама тақырыбына сәйкес Тыңдаушыларды курста оқыту ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

2. Глоссарий

Термин	Мағынасы
Цифрлық трансформация	білім беру қызметін, мазмұнын және басқару жүйесін цифрлық технологиялар арқылы сапалы өзгерту үдерісі.
Басқарушылық құзыреттілік	жоспарлау, ұйымдастыру, шешім қабылдау, бақылау, мұғалімдер мен оқу-көмекші қызметкерлерді ынталандыру секілді басқару әрекеттерін тиімді орындауға мүмкіндік беретін білімдердің, дағдылардың және жеке қасиеттердің жиынтығы.
Жасанды интеллект (AI)	адамның зияткерлік қызметін модельдейтін және деректер негізінде талдау, болжау, шешім қабылдау әрекеттерін орындайтын бағдарламалық жүйелер.
Білім беру деректерін талдау	басқару тиімділігі мен білім сапасын арттыру үшін мектептің білім беру қызметі туралы деректерді жинау, өңдеу және талдау үдерісі.
Білім берудің цифрлық трансформациясы	білім беру ұйымдарының басқаруындағы, білім беру тәжірибесіндегі және ұйымдастыру мәдениетіндегі өзгерістер мен цифрлық технологияларды енгізудің кешенді үдерісі.
Цифрлық білім беру ортасы	білім беру үдерісін және мектепті басқаруды ұйымдастыратын және қолдайтын цифрлық ресурстар, платформалар, қызметтер және технологиялар жиынтығы.

Мектеп басшысының цифрлық сауаттылығы	мектеп басшысына басқару және білім беру іс-әрекетінде цифрлық технологияларды тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін білім, дағды және көзқарас.
Мектептің цифрлық мәдениеті	мектептің білім беру және басқару іс-әрекетінде цифрлық технологияларды пайдалануға байланысты құндылықтар, нормалар және тәжірибелер жүйесі.
Деректерге негізделген басқару (Data-driven)	басқару шешімдерін қабылдау үшін деректер мен аналитиканы пайдалануға негізделген білім беру ұйымын басқару тәсілі.
Электрондық құжат айналымы	цифрлық технологияларды пайдалана отырып электрондық түрде басқару құжаттарын құру, өңдеу, беру және сақтау жүйесі.
Мектепті басқарудың ақпараттық жүйесі	мектептегі басқару, әкімшілік және білім беру процестерін автоматтандыруға арналған цифрлық платформа немесе бағдарламалық құрал.
Жобаларды басқару	білім беру ұйымын дамытуға бағытталған нақты жобаларды жоспарлауға, іске асыруға және бақылауға негізделген басқару әдісі.
Өзгерістерді басқару	инновациялар мен цифрлық технологияларды енгізуге байланысты ұйымдастырушылық өзгерістерді жоспарлауға және жүзеге асыруға бағытталған әдістер мен тәсілдер жиынтығы.
Цифрлық білім беру ресурстары	электрондық оқу материалдары, мультимедиалық ресурстар, онлайн платформалар.
Білім беру сапасының мониторингі	мектеп қызметінің тиімділігін бағалау үшін оқу үдерісінің нәтижелері туралы ақпаратты жүйелі түрде жинау және талдау.
Цифрлық қауіпсіздік	білім беру ұйымының ақпаратты, дербес деректерін және цифрлық жүйелерін қорғауға бағытталған шаралар мен технологиялар кешені.
Білім берудегі көшбасшылық	мектеп басшысының ұйымның стратегиялық дамуын қалыптастыру, педагогикалық ұжымды ынталандыру және инновацияны басқару қабілеті.
Мектептің стратегиялық менеджменті	көшбасшының мектеп дамуының ұзақ мерзімді мақсаттарын анықтауға, стратегияларды әзірлеуге және білім беру ұйымының даму бағдарламаларын жүзеге асыруға күш салуы.

3. Бағдарламаның тақырыбы

«Цифрлық трансформация жағдайында заманауи мектепті басқару» мектеп басшыларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы цифрлық трансформация жағдайында жалпы білім беретін мектептердің директорлары мен орынбасарларының кәсіби қызметін жаңғыртуға бағытталған мазмұндық және әдіснамалық жүйені айқындайды.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген және мектеп директорлары мен орынбасарларының басқарушылық құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Атап айтқанда:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңы;
- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;
- Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- «Педагог» кәсіптік стандарты;
- цифрландыру және білім беру сапасын арттыруға, басқару сапасын жетілдіруге бағытталған өзге де нормативтік құжаттар талаптары негізінде әзірленді.

Бұл нормативтік құжаттарда білім беру қызметін тиімді басқару, цифрлық технологияларды қолдану, білім беру сапасын арттыру негізгі басымдық ретінде айқындалған.

Бағдарламаның мазмұны бүгінгі күндегі білім беру жүйесіндегі стратегиялық өзгерістермен тығыз байланысты. Мектеп басшысы басқарудың әдіс-тәсілдерін біліп қана қоймай, цифрлық трансформация контекстінде білім беру экожүйесін жобалаушы, деректерге негізделген шешім қабылдай алатын, инновациялық технологияларды басқаруда қолдана алатын басшы болуы тиіс.

Бағдарлама мазмұны 8 модульден құралады.

Бірінші модульде білім беруді басқарудағы заманауи тенденциялар, мектепті басқарудың жаңа үлгілері, білім беру экожүйесі ретіндегі мектептің рөлі, университеттермен және өндіріс орындарымен серіктестік, басқарушылық құзыреттіліктің негізгі құраушылары қарастырылады. Инновациялық мектеп жағдайлары мен инновациялық білім беру үлгілеріне, білім беру экожүйелеріне талдау жасалады.

Екінші модульде цифрлық трансформация, сандық білім беру ортасы, мектептің цифрлық инфрақұрылымын басқару, мектептегі EdTech технологиясы, сандық жобаны басқару мазмұны баяндалады. Практикалық тұрғыда цифрлық трансформациялау картасы жасалып, стратегиялық басқару жоспарын құру және

мектептің цифрлық стратегиясын әзірлеу жолдары қарастырылады.

Үшінші модульде білім берудегі жасанды интеллектінің артықшылықтары, мектеп басшыларына арналған AI құралдар, білім беру деректерінің AI талдауы оқытылады. Білім беру деректерін талдау және білім сапасын бақылау үшін жасанды интеллектіні пайдалану мүмкіндіктері практикада қарастырылады.

Төртінші модульде теорияда Data-driven деректерге негізделген білім беруді басқару әдістері, білім сапасының мониторингі, директордың бақылау тақтасы (dashboard) зерделеніп, практикада мектеп көрсеткіштері мен оқушылардың үлгерім деректерін талдау жұмыстары орындалады.

Бесінші модульде педагогикалық ұжымды басқару, директордың көшбасшылығы, цифрлық көшбасшылық, инновациялық менеджмент, тәлімгерлік және коучинг теориясы оқытылады. Практикалық жұмыста мұғалімдерді дамыту бағдарламасы әзірленеді және мұғалімнің кәсіби шаршауының алдын алу жолдары зерттеледі.

Алтыншы модульде инновацияларды басқару және мектепті дамыту, инновациялық білім беру үлгілері (PBL, blended learning, hybrid learning секілді), STEM және EdTech технологияларын енгізу жолдары қарастырылады. Мектепті дамыту жобасын әзірлеу, EdTech тиімділігін бағалау, цифрлық платформаларды енгізу жолдары практикалық жұмыстарда жүзеге асырылады.

Жетінші модульде мектептегі салауаттылықты, дағдарысты басқару, көшбасшылықтың эмоционалды интеллектісі, сондай-ақ, мектептегі психологиялық қауіпсіздік, дағдарыс коммуникациялары оқытылады. Даулардың, келіспеушіліктердің алдын алу жолдары практикалық жұмыста зерделенеді.

Сегізінші модульде білім берудің тенденциялары мен болжамдарына шолу жасалады, Education 5.0 және XXI ғасырдың дағдылары қарастырылады. Мектептерді болашақтың талаптарына дайындаудың стратегиялық жоспары практикалық жұмыста әзірленеді, тыңдаушылардан портфолио қабылданады.

Курстың алдында жүргізілген сауалнама нәтижелері мектеп директорлары мен орынбасарларының басқарушылық құзыреттіліктерді дамытуға деген кәсіби сұранысы жоғары екенін көрсетті.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкес әзірленген, заманауи менеджментті тиімді қолдануға бағытталған, инновациялық мазмұндағы және тәжірибеге бағдарланған біліктілікті арттыру бағдарламасы болып табылады.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: цифрлық трансформация және жасанды интеллектті қолдану жағдайында мектеп директорлары мен директор орынбасарларының стратегиялық басқару құзыреттілігін дамыту.

Бағдарламаның мақсатты тыңдаушылары: мектеп директорлары, директордың орынбасарлары. Сұранысқа байланысты әдістемелік бірлестіктердің жетекшілеріне де ұйымдастырылуы мүмкін.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясы жағдайында білім беру ұйымдарын тиімді басқаруға қажетті мектеп басшыларының заманауи басқару құзыреттілігін дамыту.

2. Тыңдаушыларды басқару шешімдерін қабылдау үшін цифрлық технологиялар мен деректерді пайдалануға негізделген мектепті басқарудың заманауи тәсілдері мен үлгілерімен таныстыру.

3. Тыңдаушылардың мектептің білім беру ортасын жаңғыртуға және цифрлық ресурстарды енгізуге бағытталған стратегиялық және жобаларды басқару дағдыларын дамыту.

4. Оқу үдерісін, әкімшілік қызметін және мектептің ішкі коммуникацияларын басқаруда цифрлық платформалар мен ақпараттық жүйелерді енгізу және пайдалану құзыреттерін дамыту.

5. Цифрландыру жағдайында білім беру ұйымындағы өзгерістер мен инновацияларды басқару дағдыларын дамыту.

6. Білім беру деректерін бақылау және талдау үшін цифрлық құралдарды пайдалана отырып, білім сапасын талдау және бағалау дағдыларын дамыту.

7. Педагогикалық ұжымда цифрлық мәдениетті қалыптастыруға және мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдауға бағытталған менеджерлердің көшбасшылық құзыреттерін дамыту.

8. Тыңдаушылардың мектеп қызметін цифрлық түрлендіруге бағытталған басқару жобаларын әзірлеуге үйрету.

Оқыту нәтижелері:

Тыңдаушылар:

- орта мектептің даму стратегиясын әзірледі;
- басқаруда сандық технологиялар мен AI пайдалануды;
- білім беру деректерін талдауды;
- педагогикалық ұжымды тиімді басқаруды;
- білім беру қызметіне инновациялық технологияларды, заманауи EdTech

технологияларын енгізуді үйренеді.

«Цифрлық трансформация жағдайында заманауи мектепті басқару» мектеп басшыларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының

практикалық маңыздылығы – білім беруді цифрландыру жағдайында білім беру ұйымының тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті мектеп басшыларының қазіргі заманғы басқару құзыреттілігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталуында.

Біріншіден, бағдарлама мектеп директорлары мен орынбасарларына цифрлық құралдарды пайдалана отырып, білім беруді стратегиялық басқаруда практикалық дағдыларды дамытуға көмектеседі. Көшбасшылар деректерді талдау әдістерін, оқу үдерісін цифрлық бақылауды, объективті ақпарат негізінде шешім қабылдауды меңгереді.

Екіншіден, курс цифрлық технологияларды мектепті басқару жүйесіне енгізуді дамытуға бағытталған.

Үшіншіден, бағдарлама білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында көшбасшылық және басқару дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мектеп басшылары өзгерістерді басқаруды үйренеді, педагогикалық ұжым арасында цифрлық мәдениетті қалыптастырады, мұғалімдердің кәсіби дамуын ұйымдастырады және инновациялық білім беру тәжірибесін енгізуге ықпал етеді.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы мектепті басқарудың тиімділігін арттырумен, мектеп басшыларының цифрлық басқару құзыреттілігін дамытумен және мектептің білім беру ортасының табысты цифрлық трансформациясын қамтамасыз етумен байланысты.

Бағдарламаның мазмұны теориялық білімді практикалық тапсырмалармен сабақтастыруға негізделген. Әрбір модуль белгілі бірі практикалық жұмысты орындаумен аяқталады. Мысалы, инновациялық мектеп жағдайлары мен білім беру экожүйелерін талдау, цифрлық трансформациялау картасын жасау, стратегиялық басқару жоспарын құру, мектептің цифрлық стратегиясын әзірлеу, білім беру деректерін талдау үшін жасанды интеллектіні пайдалану, мектеп көрсеткіштерін талдау, мұғалімдерді дамыту бағдарламасын әзірлеу, цифрлық платформаларды енгізу, EdTech тиімділігін бағалау.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

№	Модуль және сабақ түрі	Модуль аттары және оның ішкі тақырыптары	Сағат
1	1-модуль	Білім беруді басқарудағы заманауи тенденциялар	10
	Теориялық сабақтар	Мектепті басқарудың жаңа үлгілері	1
		Мектеп білім беру экожүйесі ретінде. Экожүйелік көзқарас	2
		Негізгі стратегиялық әріптестік. Университеттермен және өндіріс орындарымен серіктестік	1
		Басқарушылық құзыреттіліктің негізгі құраушылары	2
	Практикалық сабақтар	Инновациялық мектеп жағдайларын талдау. Инновациялық білім беру үлгілері	2
		Білім беру экожүйелерін талдау	2
2	2-модуль	Мектептердің цифрлық трансформациясы	10
	Теориялық сабақтар	Цифрлық трансформация	1
		Сандық білім беру ортасы	1
		Мектептің цифрлық инфрақұрылымын басқару	1
		Мектептегі EdTech технологиясы	1
		Сандық жобаны басқару	1
	Практикалық сабақтар	Цифрлық трансформациялау картасын жасау	2
		Стратегиялық басқару жоспарын құру	2
		Мектептің цифрлық стратегиясын әзірлеу	1
	3	3-модуль	Мектепті басқарудағы жасанды интеллект
Теориялық сабақтар		Білім берудегі AI артықшылықтары	1
		Мектеп басшыларына арналған AI құралдары	2
		Білім беру деректерінің AI талдауы	2
		Білім сапасын бақылау үшін AI пайдалану	2
Практикалық сабақтар		Білім беру деректерін талдау үшін AI пайдалану	2
		Басқару процесін автоматтандыру	1
		Директорларға арналған AI көмекшілері	2

4	4-модуль	Деректерге негізделген білім беруді басқару (Data-driven)	12
	Теориялық сабақтар	Деректерге негізделген басқару және шешім қабылдау	2
		Білім сапасының мониторингі. Директордың бақылау тақтасы (dashboard)	2
	Практикалық сабақтар	Мектеп көрсеткіштерін талдау	2
		Білім беру қызметінің тиімділігін бағалау әдістері	2
		Білім беру аналитикасы	2
		Оқушылардың үлгерім деректерін талдау	2
5	5-модуль	Педагогикалық ұжымды басқару	10
	Теориялық сабақтар	Директордың көшбасшылығы. Цифрлық көшбасшылық	1
		Инновациялық менеджмент	2
		Стратегиялық ойлау	1
		Тәлімгерлік және коучинг	1
	Практикалық сабақтар	Мұғалімдерді дамыту бағдарламасын әзірлеу	3
		Педагогтерді ынталандыру. Кәсіби шаршаудың алдын алу	2
6	6-модуль	Инновацияларды басқару және мектепті дамыту	12
	Теориялық сабақтар	Инновациялық жобаларды басқару	2
		Инновациялық білім беру үлгілері (STEM, PBL, blended learning, hybrid learning)	2
		Мектеп трансформациясы. STEM және EdTech енгізу	2
		Білім беру технологияларын басқару	1
	Практикалық сабақтар	Мектепті дамыту жобасын әзірлеу	3
		Цифрлық платформаларды енгізу	1
EdTech тиімділігін бағалау		1	
7	7-модуль	Мектептегі салауаттылықты, дағдарысты басқару	6
	Теориялық сабақтар	Көшбасшылықтың эмоционалды интеллектісі. Мектептегі психологиялық қауіпсіздік	2
		Дағдарыс коммуникациялары	1

		Беделмен басқару	1
	Практикалық сабақтар	Даулардың, келіспеушіліктердің алдын алу	2
8	8-модуль	Білім берудің болашағы: тенденциялар мен болжамдар.	8
	Теориялық сабақтар	Білім беру тенденцияларына шолу	1
		Education 5.0: адам мен технологияның үйлесімі	2
		XXI ғасырдың дағдылары	2
	Практикалық сабақтар	Мектептерді болашақтың талаптарына дайындаудың стратегиялық жоспарын әзірлеу	2
Портфолио тапсыру		1	
		Барлығы	80

Бағдарламаның мазмұны модульдік негізде тақырыптар бойынша жүйеленген. Әрбір сабақ тақырыбы шолу дәрістері мен Тындаушылардың оқу нәтижелерін бағалауға бағытталған практикалық тапсырмаларды қамтиды.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспарына сәйкес Бағдарлама шеңберінде Дэвид Колбтың төрт сатылы эмпирикалық моделі негізінде жүзеге асырылады.

Курс барысында Тындаушылар меңгерген білімі мен түсінігін тақырыпқа байланысты практикалық тапсырмаларды орындау барысында қолданады.

Бағдарлама материалдарын меңгерту мақсатында сабақта практикалық жаттығулар орындалады, оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі нысандары қолданылады.

Курста оқу ұзақтығы оқу жоспарына сәйкес 80 академиялық сағатты құрайды. Курс оффлайн және онлайн оқыту нысанында жүзеге асырылады.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету Тындаушылардың курс материалын қажетті деңгейде меңгеруіне мүмкіндік беретін оқу-әдістемелік кешен түрінде ұсынылған.

Бағдарламаның оқу-әдістемелік кешені келесі құрамнан тұрады:

1) «Цифрлық трансформация жағдайында заманауи мектепті басқару» мектеп басшыларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

- 2) тренерге арналған нұсқаулық/тренерге арналған сабақ жоспарлары;
- 3) тыңдаушыларға арналған ресурстар;
- 4) оқу материалдары.

Бағдарламада теориялық және практикалық материалдар, оқу нәтижелерін бағалау және рефлексия, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау арқылы білім беруді басқару ұйымдастыру дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар (практикумдар) қолданылды.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Курста оқыту барысында Бағдарлама мазмұнын тиімді игеру мақсатында үздіксіз бағалау жүзеге асырылады, сабақ барысында тренер Тыңдаушыларға кері байланыс ұсынады.

Бағалау үдерісі жүйелі түрде және оқыту барысында ұйымдастырылған жұмыстарға сәйкес объективті бағалау ұстанымдары негізінде жүзеге асырылады.

Тыңдаушылардың оқу нәтижелерін бағалау шеңберінде өзін-өзі бағалау және өзара бағалау қарастырылады.

Оқу нәтижелерін бағалау аралық және қорытынды бағалауды қамтиды. Әрбір модульді игеру нәтижелері бойынша аралық бағалау шеңберінде Тыңдаушылардың оқу жетістіктері бағаланады. Тест тапсырмалары 10 сұрақтан тұрады.

Қорытынды тестілеу 20 сұрақты қамтиды. Бағдарлама бойынша оқуды аяқтағаны туралы сертификат алу үшін кемінде 50% дұрыс жауап болуы қажет.

Тест нәтижесін есептеу көрсеткіштері

Тестілеу нәтижесі %	Бағалау
90-100	өте жақсы
70-89	жақсы
50-69	қанағаттанарлық
0-49	қанағаттанарлықсыз

9. Курстан кейінгі қолдау

Күнтізбелік бір жыл ішінде Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау жүзеге асырылатын болады. Тыңдаушыларға курстан кейінгі қолдау көрсету олардың басқару-ұйымдастырушылық қызметінде консультациялық көмек көрсетуді қамтиды.

Тыңдаушылардың Бағдарлама шеңберінде алған білімін өз кәсіби тәжірибесінде енгізу бойынша іс-шаралар тренер мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынас матрицасы негізінде жүзеге асырылады.

Курстан кейінгі кезеңдегі тренер мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынас матрицасы

Курстан кейінгі қолдау кезеңдері	Курстан кейінгі қолдау көрсету бағдарламасының мазмұны	Мерзімі
Ұйымдастыру кезеңі	<p>Бұл кезеңде курстан кейінгі қолдау көрсету бағдарламасы әзірленеді. Тренер курстың соңғы күнінде жүргізілген сауалнама нәтижелері мен қорытынды тестілеу нәтижелеріне талдау жасап, Тыңдаушының келешектегі кәсіби даму қажеттіліктерін анықтайды.</p> <p>Тренер анықталған қажеттіліктер негізінде Тыңдаушылармен бірге бағдарлама әзірлейді. Тренер Тыңдаушыларға курстан кейінгі қолдау бағдарламасын ұсынады.</p>	1 ай
Жүзеге асыру кезеңі	<p>Бұл кезеңде тренер Тыңдаушыларға оқыту мәнмәтінін ескере отырып курс идеяларын тәжірибе жүзінде қолдану мен бейімдеуде қолдау көрсетеді.</p> <p>Тренер әдістемелік іс-шараларды (семинарлар/вебинарлар, жеке/топтық кеңес беру) жүзеге асырады, сабақтарды бақылайды/жоспарларды талдайды, курстан кейінгі қолдау бағдарламасына сәйкес кері байланыс ұсынады.</p> <p>Тыңдаушы ұйымдастырылған іс-шараларға қатысады және курс бағдарламасының мазмұнын өз тәжірибесіне енгізеді. Тренер Тыңдаушылардың қажеттіліктерін ескере отырып курстан кейінгі қолдау бағдарламасына түзетулер енгізеді.</p>	2-9 ай

Рефлексия кезеңі	Бұл кезеңде тренер Тыңдаушылардың курс бағдарламасының мазмұнын жүзеге асыру және жетілдіру тәжірибесін таратуға және рефлексия жасауға жағдай жасайды. Тренер Тыңдаушылардың Бағдарламаны жүзеге асыру тәжірибесін жинақтап қорытуға және рефлексия жасауға арналған қорытынды іс-шараны ұйымдастырады. Тыңдаушылар Бағдарламаны жүзеге асыру барысында жинақтаған өз тәжірибесімен бөліседі.	10-12 ай
------------------	--	----------

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау олардың курс шеңберінде алған білімі мен дағдыларын іске асыруға, басқарушылық біліктілігін арттыруға, оның ішінде вебинарлар, семинарлар, шеберлік сабақтарын, коучингтер, дөңгелек үстелдер, форумдар, конференциялар өткізуге көмектесу мақсатында жүзеге асырылады.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Adams D., Gurr D. Technology and Digital Educational Leadership: The Future of Education. –London:Routledge, 2026.
2. Baroudi S., Lytras M. Transformative Leadership and Sustainable Innovation in Education. –Emerald Publishing, 2024.
3. Kafa A., Eteokleous N. (eds.) The Power of Technology in School Leadership: Insights from the Field. – Springer, 2024.
4. Kowch E. Digital Transformation of Learning Organizations. – Springer, 2021.
5. Tasdan M., Kartal M., Gözüм A., Kalogiannakis M. Digital Transformation in School Management: Insights from Administrators' Perspectives. 2024.
6. Шамова Т.И., Давыденко Т.М., Шибанова Г.Н. Управление образовательными системами. – Москва: Академия, 2005.
7. Поташник М.М.Управление современной школой. – Москва: Педагогическое общество России, 2012.
8. Уваров А.Ю. Цифровая трансформация образования и модель цифровой школы. 2019.
9. Кожушко Е.В., Уколова Л.И., Бакшеев А.И. Управление образовательными организациями в условиях цифровой экономики. 2025.
10. Қараев Ж.А. Білім берудегі жаңа педагогикалық технологиялар. – Алматы. 2016.
11. Құсайынов А.Қ. Білім беруді басқару негіздері. – Алматы. 2018.
12. Баярыстанова Э.Т. Білім берудегі менеджмент. – Алматы. 2022.

Қосымша әдебиеттер

1. Sułkowski Ł. Managing the Digital University: Paradigms, Leadership and Organization. – Routledge, 2023.
2. Smith M. The Abundant University: Remaking Higher Education for a Digital World. – MIT Press, 2023.
3. Sari R. Y., Anisah, Varihani H. Digital Leadership Strategies to Improve Teacher Performance in the Era of Technology Transformation. 2023.
4. Akhmad A. Digital Leadership Practices in Educational Management: Trends

and Challenges. – International Journal of Learning, Teaching and Educational Research, 2024.

5. Тәжібаев Т.Т. Педагогика және білім беру жүйесін басқару. -Алматы. 2023